


18
19
20
21
22
23
24
25
26
27
28
29
30
31
32
33
34
35
36
37
38
39
40
41
42
43
44
45
46
47
48
49
50
51
52
53
54
55
56
57
58
59
60
61
62
63
64
65
66
67
68
69
70
71
72
73
74
75
76
77
78
79
80
81
82
83
84
85
86
87
88
89
90
91
92
93
94
95
96
97
98
99
100

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31 32 33 34 35 36 37 38 39 40 41 42 43 44 45 46 47 48 49 50 51 52 53 54 55 56 57 58 59 60 61 62 63 64 65 66 67 68 69 70 71 72 73 74 75 76 77 78 79 80 81 82 83 84 85 86 87 88 89 90 91 92 93 94 95 96 97 98 99 100



Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ

ЖАНКЕШТІ ҰЛТ

тәгдір-талаіы хақындағы тағылымды көркем туынды

Белгілі ақын, жазушы, руханият қайраткері Баянғали Әлімжановтың Ресей астанасы Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан «Сказ столетнего степняка» атты орыс тілінде жазылған романы жарық көрді. Кітап Ресей Жазушылар одағының хатшысы Г.Пряхиннің «Двуречие Баяна» деген алғы сөзімен басылды. Туындының кейіннен беделді «Роман-газета» \№ 7.2019ж.\ басылымында жариялануы да әдеби үрдістегі маңызын көрсетеді.

XX ғасырда халқымыз басынан өткөрген қиямет-қайым оқиғалар арқау болған шығармада ұлт тарихындағы алмағайып кезеңдердің қайғысы мен қасіреті, зұлматы мен нәубеті, женісі мен жеңілісі туындының басты қаһарманы көнекөз қария Асанбай Аманжолұлы атынан баяндалады.

Романдағы шытырман тартысқа толы драматизм, трагизм қыр перзенті Асанбай Аманжолұлы Бектеміров басынан кешкен қылыштың немере, шөберелеріне баяндау тәсілі арқылы өрістеп отырады. Туындының стильдік ерекшелігі – авторлық баяндаудың өмірдің өзінен туындалап отырған қат-қабат шынайы сюжеттік тартыстарға негізделуінде. «Бодан белого царя», «Аульная вольница», «Ярость народная», «Гражданская анархия», «Линия истребления», «Тиранический огонь», «Когти агентуры», «Необходимое отступление», «Война», «Испытание человечности», «Америка и аул», «Лагерь», «Испытание», «Милость судьбы», «Железное благо», «Абсурд, возведенный в абсолют», «Независи-

мость», «Оралман» , «Вечность и миг» атты тараулар өзара сабактас сюжеттік-композициялық тұтастықта берілген. Өмірдің небір қатал сыйында кіслік қасиеттеріне кір шалдырмай өткен қайтпас қайсар мінезді Асанбай тағдыры тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси өзгерістерге толы жылдардың қанды толқынына жұтылып кетпей, тіршілік тайталасында мерейі үстем болған халқымыздың жасампаздығына бас идіреді.

Шығарманың өн бойында Бектеміровтар әuletінің күрделі тағдыры ел өміріндегі дауылды жылдардың тыныс-тіршілігімен байланыста өрістейді. Асанбайдың өзіндік «менін» сактаудағы жанкештілігі, табандылығы ұлт бірегейлігінің болат өзегі ұрпактар сабактастығымен үйлесім тауып жатады.

Тұынды бастауындағы көркемдік деталь «Балбал тас» – бағзы мен бүгінгіні байланыстырып тұрған рәміздік белгі. «Ата, ақыл-есіңіз тұнық, сау-саламат күйіңізде осы жасыңызға қалай аман-есен жеттіңіз? Қалайша тірі қалдыңыз?» – деген сана сорабына жетелер ұрпактарының сұрағына жауап ізденген қаламгер қылы кезеңдер шындығына көркемдік таныммен тереннен үніліп, арда халқымызды азаттық пен еркіндік жолында алға жетелеген рух асқақтығының құдіретіне бойлатады.

Иә, ата тарихқа, тарлан тарихқа қарат «ХХ ғасырдағы небір қанды қасап қасіреттерді басынан өткерген қазак деген ұлт жер бетінен таза жойылып кетпей, қандай құдіреттің желеп-жебеуімен аман қалды? Қарғатамырлы қазак жасампаздығының тылсым сыры неде?» деген өмірлік сауалға өрелі ұрпақ әлі талай оралатын болады...

Бодандықтан арылып, бостандыққа аяқ басқан алмағайып кезеңдер күәгері болған текті әulet тумасы Асанбай уақыттың қатал тезінен өтуде жеке басының күйін күйттеген емес. «Арым жанымның садағасы» деген ата-бабалар аманатына адалдық танытудан бір сәт те айныған емес.

Әкесі Аманжолдың дін мен ділді сактаудағы қайтпас қайсарлығы, әжесі Алтынның тағылымды ертегі-аңыздары бала дүниетанымында өшпес ізін қалдырып, адамгершілік қасиеттерін ұштап отырды.

Бабасы Күрентай батыр, әкесі Аманжол орыс отаршылдығына жантәндерімен қарсы жандар. Тамырында ата қаны өшпеген қыр перзенттеріне ұлттың өрлігі, елдің азаттығы, ұлыс бүтіндігі, ұрпақ жалғастығы бәрінен де қымбат.

Зұлымдық пен озырлыққа мойымай, қиянат пен қиястықты жеңе білген Алаш баласы қашанда ізгілік пен мейірімді, әділдік пен кіслікті ту етіп ұстанды. Обал-сауап, ар-ұжданы қасиет тұтқан далалықтар адам баласының нәсілі мен діліне қарамастан татулық пен түсіністік жарасы-

мында өмір сүруді бұлжымас заңдылық деп біледі. Аманжолдың қазақ жеріне қоныс аударылып келген орыс мұжығы Майдакинмен риясыз достығының түп өзегі де адамгершілік мұраттардан нәр алып жататын рухани қайнардың тұнықтығында. Өмірдің сын сағаттарында тек адамгершілік қасиеттер ғана адамның адам болып қалуында зұлымдықтың алдын алады, әділдіктің салтанат құруына септеседі. Аманжолдың 1916 жылғы патша жарлығынан туындаған дүрбеленде ойрандалған орыс жағындағы тамырын төніп келген ажалдан құтқарып қалуы да адами қасиеттерінің терендігін көрсетеді.

Романда 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы патша жарлығына қарсы қырдағы дүрбелен барша қайшылығымен көрініс табады. Экесі Аманжол, туған ағалары Әлімжан, Мейрамбай отаршылдар озбырлығына қарсы тенденциялық, азаттық туын көтерген көтерілісшілермен бірге атқа қонады.

Бейбіт елді ойрандап, қазақ даласын қанға бөктерген жазалаушы әскер жендеттерінің қолына түсіп, адам айтқысыз корлық көрген Мейрамбай қыршынынан қылады. Экесі Аманжол 45 жасында жазалаушы әскерлермен болған қиян кескі ұрыста көз жұмады. Майданның қара жұмысына алынған Әлімжаннан ешбір хабар-ошар болмай, із-түзсіз кетеді...

1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерісінен кейінгі актар мен қызылдар арасындағы текетірес, бір ұлттың екіге жарылуының катарсистік сипатта жан әлемінді толқытуы да қаламгер шеберлігіне тәнті етеді. Көпті көрген көне көз Малай ақсақалдың: «Мынадай бұлғақ кезеңде тірі қалғың келсе, сұмдар мен арамзалар алдында адал да арлы болуға міндетті емессің. Жауына қолданар әдіс-айланұды сайлап ал. Бір Аллаға, ұлтыңа ғана адал бол!» деген толғанысы заман запыраны болып төгіледі.

Ұлт пен ұлт жауласып, әке мен бала қастасқан алмағайып уақытта аталас ағайындылардың бірі актар, бірі қызылдар әскерінің қатарынан табылады. Мұрат жолындағы майданда екі жаққа бөлініп өштескен Әкімжан актардың, Кәрімжан қызылдардың сойылын соғады. «Аға мен іні қастаспасын, қан төкпесін. Жаттың күштеп танған азаттығына алданып, құрдымға кетіп жүрмейік. Кірлесуді қойып, бірлесуді ойлайық, ел-жүрттың амандығын тілейік» деп нақақ қан төгуден сактандырған Малай қарияны 1920 жылдары есірген орыс есауылы қылышпен шауып өлтіреді...

Парасат пайымынан адасып, жаға жыртысумен мынау опасыз жалғанға сыйыспай өткен Әкімжан, Кәрімжандарға Бұлакбасы ауылындағы

әuletтік қорымнан топырақ бұйырыпты...

Әulet отын өшірмеуді діттеген Асанбай әке аманатымен отбасына бас-көз болып, ауылындағы ағайын-туысқандарына корған болып қалады. Қазақты ұшпаққа жеткізбейтін актың да, қызылдың да түпкі мақсатын түсінген Сәлім Алаш идеясын қолдайды. Алаш атты әскерінің салында сұр мергендігімен жауға қарсы атойлайды...

Дауылды жылдардағы қазақ ауылының қасіреті шығармада Асанбайдың бір туған қарындасы Халила бейнесі арқылы өрістей түседі. Ауыл үстінен ойқастай өткен актар офицерімен кетуге мәжбүр болған Халила өлімінің де астары терең. Жат жұрттықтардың шектен шыққан қиянатына қарсы шыққан Сәлім орыс офицерін жекпе-жекте атып өлтіреді.

Аласапыран кезең ақиқатын көркемдік тұрғыдан жинақтаған қаламгер туындыдағы драматизмге толы сюжеттік желілерді табиғи қалпымен дамытып отырады. Аласапыранға толы жылдары Асанбайдың ажалдан Майдайкиннің перзенті, қызыл әскер командирі Тимофейдің құтқарып қалуы да уақыттың кірі шалмаған адамзаттық гуманизм мұраттарының өміршендігіне көз жеткізеді. Асанбайдың жаңа өмірге арасуына сарабдал ой салған Тимофейдің өзі қан құйлы 37 жылы тұтқындалып, сталиндік репрессия құрбаны болып кете береді.

«Жаңа билікке мұғалімдер керек. Оқы, тоқы, халқынды ағарт. Елінді өрге сүйре!» деген Тимофей толғанысы да қазақ топырағында түлеген азаматтың ішкен сүйнен, жеген нанына деген адалдығын танытады.

Асанбайдың көрмеген құқайы алда екен. Азамат соғысы жылдарындағы зансыздықтар коммунист Голещекин бассыздығымен ушығады. Қазақ даласындағы аштық алапатын көзімен көрген Асанбай жаналғыш белсендердің асыра сілтеулерінен туындалап жатқан түрлі әлеуметтік қияннatty, «халық жауларымен» құрес науқанындағы қиястықтарды жан-тәнімен сезінеді. Қиямет қайымға тап болған туған халқымен бірге зұлмат жылдардың қасіретін басынан өткереді.

Өзі де саяси сенімсіздікпен тұтқындалып, тұрмеге қамалады. Дүлей күш зорлығына иілмеген Жәкежан бидің өмір үшін құресе білуде, тіршілік жолында жанталасып бағуда намысын камшылаған семсер сөзі рух береді.

Тіршілік тайталасындағы жанкештілік құресімен ажал аранына жұтылудан аман қалуда НКВД жаналғыштарының арандатуына, арбауына түспей, ақыл-қайратымен тығырықтан шығатын жол таба біледі. Сол арқылы бір Асанбай емес, тұтас қазақ халқының саяси жүйе илеуіне түсіп, заңын құштеп мойындағымен, өзіндік «менін», рухын сақтай отырып,

ертенгі күнге деген имани сенімін жоғалтпастаң ұлттық қасиеттеріне адал болып қалудағы табандылығы тұтас романның басты леймотиві тұрғысында көркемдік шешім табады. «Ең бастысы, рухы өшіп, жаны семген жок!» деген толғаныстың мән-мағынасы ерен!!!

Жанкештілігімен НКВД өлімінен аман қалған Асанбай өз еркімен Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанады. Сел болып акқан қан, қыршынан қылған боздақтар... Мән-мағынасыз қан төгуді тоқтатып, кіслік мейірімге, бейбіт өмір жарасымына шақырған жанайқайын «шалықтау» деп айыптаған ОСОБИС-тер қысымына алынады. Қиян кескі ұрыста жараланып, госпитальға түседі. Қайтадан соғысқа жіберіліп, барлаушылар тобында болады...

Аласапыран жылдары көз жазып қалған бауыры Сәліммен майдан даласында оқыстап кездесуі де шығармадағы шытырман тартыс үйлесімінде бейнеленеді. Кеңес билігіне қарсы қолына қару алған Сәлім өз ұстанымына болаттай берік тұлға. Өз бетінен қайтпайтын қайсар мінезді Сәлім мен Асанбай жолы екіге айырылады...

Сәлімнің күрделі тағдыры халқымыз басынан өткерген құлы кезең трагедиясын ұғынуымызға ой салады. Екіге жарылған ағайындылардың араға ұзак жылдар салып туған жер топырағында қауышулары да құлы кезеңдер тезінен өткен әuletтің қайта бүтінделіп, жаңғыруының қандайлық күрделі асулардан өткенін аңғартады.

Асанбай тағдыр-талайындағы сұрапыл соғыс жылдары шындығының боямасыз көріністерін жазушы басты кейіпкердің түрлі сыннан өтудегі шым-шытырық оқиға желісінің шиеленісуімен үстей түседі. Асанбайдың неміс тұтқынына түсіп, Түркістан легионында, жау тұтқынында болуын «сатқындық» деп күстаналаған идеологиялық айыптаулармен лагерьдегі азапты жұмыстарға жегілген қапастағы жылдары да адамзаттық құндылықтарды, әділдікті белден басқан тоталитарлық жүйеге тән қылмыспен ұштастырыла беріледі.

1950 жылы бес жылғы сергелденгे толы небір қындықтарда адами қасиеттерін жоғалтпаған Асанбай лагерьден қашып шығады. Тайгада аштық азабын тартуы, ГУЛАГ лагерьлерінің бірінен қашып шыққан бейбактармен ит байласа тұрғысыз Сібір орманында ұшырасуы, тіршілік үшін жанталасқан жансебіл пендениң жеңісі, қанды репрессия жылдары Сібірдің ну орманына жансауғалап қашқан орыс қызы Татьяна мен кездесуі туындыда психологиялық терендікпен бейнеленеді. Тайгадағы үш жылғы сергелденін соң еліне жол табу өткелдері де онай болған жок. Бір жыл бойы ел кезіп, вокзал, станцияны жағалап өлмestің күнін

кешеді. Сталин өлімінен соң туған жеріне оралады...

Қан майданға қырық жасында аттанып, еліне елу төрт жасында оралған Асанбай: «Мен өзі майдангермін бе әлде сатқынмын ба? Мен кіммін?!» дейді. Оны осындай мұсәпір күйге түсірген, мейірімсіз талқыдан өткізген озбыр жүйе қиянаты болатын. Небір қындықтарға моямаған ол соғыс мүгедегі ретінде қалпына келтіріліп, әскери марапаттарын қайтарып алады. Мүгедектігіне зейнетакы тағайындалады. 1955 жылы неміс тұтқынында болған әскерилерді актау туралы жарлықпен қаралаудан арылғандай болады...

Перзенттерінің амандығын тілең еніреген анасы жетпіс екі жасында өмірден өтіпті. Әulet отын өшірмеген ак адап жары Халима балаларын бағып-қағып жеткізген екен. Ұлдары өсіп, қыздары тұрмысқа шығады. Немере сүйеді.

XX ғасырдағы қазақ қасіретін тұтас адамзат баласы үшін үрей тұдырып келген тоталитаризм қиянатын ашуда қаламгер тарихи шындықтан алшактамай, туындының өн бойында уақыт пен кеңістік белгілерінің бірлікте көрінуіне күш салып отырады. Коммунистік идеология зардалтары қанды репрессиялармен тоқтап қалғаны жоқ. Сталиндік депортацияға ұшыраған ұлттар мен ұлыстардың шемен шерлері әлі де тарқап болғаны жоқ. Осынау зұлмат шығармада қазақ даласына күштеп көшірілген Поволжье немістерінің тағдыры арқылы суреттеледі. Бірнеше отбасы Асанбай ауылын паналайды. Олардың бас көтерер үлкендері «халық жаулары» деген желеумен КарЛАГ-қа тоғытылады. Бірлі жарым аман қалған қатын-қалаш, бала-шағаны қазақтар бауырына басады. Қын қыстау күндері пана, қорған болады.

Асанбайдың үлкен ұлы Қабдөш мұсылман дінін қабылдаған неміс қызы Полинаға үйленеді. Бұл жерде көркемдік қиялы ұшқыр жазушы өмір шындығын суреттеуде ұтқыр көркемдік штрих, көркемдік детальдарды шынайылықпен өргендіктен жасандылыққа ұрынбағанын баса көрсетеміз.

Тың игеру науқаны, қазақтардың өздерінің тарихи атамекенінде азшылыққа ұшырауы, ассимиляциялық саясат үрдістерімен сабактас қазақ тілінің мүшкіл халі, Степнякта қазақ мектептерін, қазақ сыныптарын ашу үшін күрестегі пәрменді іс-әрекеттер басты кейіпкер толғаныстары арқылы бедерленеді.

Кеңестер билігі киліккен Ауғанстандағы соғыс лаңы да Асанбайдың екі немесінің сол елде қызмет етіп, аман-есен оралуымен бейнеленеді. КСРО ыдырауы, еліміздің тәуелсіздік алуы сынды XX ғасыр соңындағы

жоталы қоғамдық мәселелер туындының сюжеттік желісінде барша табиғильтімен өрістейді.

Тұастай алғанда, қазақ халқының XX ғасырдағы қайғы-қасіретін, арман-аңсарын бір әuletтің тағдыр-талайы арқылы суреттеген роман қазіргі қазақ прозасына қосылған қомақты дүние. Бодандықтан бостандыққа, тәуелділіктен азаттыққа жетуіндегі шырғалаңдарында тарих толқынының асау иіріміне жұтылып кетпей, елдік қасиетін сактап қалуда жанкештілік танытқан жасампаз ұлт қандай да болмасын құрметке ие. Тарихи формациялардың қауіп-қатерге толы қанды тезінен өтуде феномен феникс сынды түлеп отырған қазақ халқы өзіндік «менінен», ұлттық бірегейлігінен айырылмады. Өмір тайталасында, толассыз тіршілік жанталасындағы күресінде ұрпақтар сабактастығының күретамырынан ажырап қалмады. Романның көркемдік қуаты да, тағылымдық мәні де осында.

